



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 40/580
05 октября 2018 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

ҚАРТТАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІМЕН!

ҚАДІРЛІ АҒА БУЫН ӨКІЛДЕРІ!

Жыл сайын 1 қазанда әлемдік қауымдастық Халықаралық қарттар күнін атап өтеді. Бұл мереке аға буын адамдарын құрметтейтін, ардагерлерге қамқорлық танытатын мереке болып саналады.

Қазақстанда ардагерлердің жақсы өмір сүруіне көп көңіл бөлінуде. Жыл сайын зейнетақының өсуі, ардагерлерге жасалып жатқан жеңілдіктер, көп балалы аналарды марапаттау мен қатар басқа да шаралар қарт адамдарды қолдау деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.

Қарияларға қамқор болу — барлық қоғамның және әрбіріміздің міндетіміз, өйткені жасы ұлғайған адамдар — мемлекетіміздің алтын қоры, дәстүрлердің сақтаушысы, патриоттылықтың, іске деген адалдықтың, ұлы шыдамдылық пен сенімділіктің жарқын үлгісі. Бұл күні біз әріптестерімізге, ата-аналарымызға және зейнеткерлік жастағы барлық адамдарға құрмет білдіреміз. Олардың ағарған шаштары халқымыздың даналығы мен тәжірибесін сақтауда. Олар соғыстың қатал мектебінен, соғыстан кейінгі құрылыстан өтті және туған еліміздің гүлденуі жолында көп күш-жігерлерін жұмсады.

Құрметті жерлестер!

Сіздердің білімдеріңіз, тәжірибелеріңіз бен өмірде түйген даналықтарыңыз бүгінгі күні халқымыздың және Отанымыздың игілігі үшін қызмет көрсетіп келеді.

Осы тамаша мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, Сіздерге мықты денсаулық, ашық аспан, шат көңіл, ұзақ та бақытты өмір тілейміз.

Құрметпен:

Қала әкімі
Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков



С МЕЖДУНАРОДНЫМ ДНЕМ ПОЖИЛЫХ ЛЮДЕЙ!

УВАЖАЕМЫЕ ПРЕДСТАВИТЕЛИ СТАРШЕГО ПОКОЛЕНИЯ!

Сердечно поздравляем Вас с Международным днем пожилых людей! День пожилых людей — особый праздник для каждого. Первого октября мы чествуем тех, чьим мужеством и трудом строился и развивался наш город.

Вы прошли нелегкий путь, на Вашу долю выпали тяжелейшие испытания. Благодаря Вам было основано благополучие нашего государства и его граждан. Вы терпеливо с пониманием и любовью учите нас милосердию и трудолюбию, верности своей семье и Родине, умению достойно жить, никогда не терять надежды на лучшее. Мы гордимся Вашими достижениями, мы берем с вас пример, не устаем восхищаться Вашей активной гражданской и жизненной позицией.

Государство старается делать все возможное для улучшения Вашего социального положения, создания благоприятных условий для Вашего полноценного участия в экономической, общественной, культурной и духовной жизни страны. Но все это, конечно же, не заменит тепла и сердечности простых человеческих отношений, любви и признательности детей и внуков, уважения к

Вашей мудрости.

Уважаемые земляки!

Ваши знания, мудрость и богатейший опыт как никогда важны для нас. Убежден, что молодежь всегда будет следовать Вашим мудрым советам, бережно хранить традицию почитания родителей и уважительного отношения к старшим.

Примите искренние пожелания доброго здоровья, душевного спокойствия, счастья, благополучия и долголетия!

С Уважением:

Аким города
Секретарь маслихата

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков

МҰҒАЛІМДЕР КҮНІМЕН!



ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫ!

Сіздерді қазан айында аталып өтетін Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздердің бала көңілдеріңіз әр оқушының жандүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде. Мұғалімнен өнеге-білім алып, өмір теңізіне құлаш ұрған кез келген шәкірт ұстазымен мақтанады. Сіздердің мамандықтарыңыз елдегі ең қадірлі, ең мерейлі әрі

аса жауапты мамандық. Себебі, Қазақстанның болашағы сіздердің қолдарыңызда. Баланың болашағы, оқуда қандай жетістікке жететіні, өмірде қаншалықты табысты, іскер болатыны тікелей тәлімгерге байланысты. Елбасының айрықша көңіл бөлуі нәтижесінде білім мекемелерін көбейту және олардың материалдық-техникалық базасын замануи қондырғылармен жабдықтау арқылы білім саласын дамытуға барлық жағдай жасалып келеді. Оның барлығы білім сапасын арттыруға, кәсіби шеберлікті нығайтуға, мұғалімдердің әлеуметтік мәртебесін жоғары-латуға ықпал ететіні сөзсіз. Бұл сіздердің Қазақстан азаматтарын өз елінің патриоты және тәрбиелі әрі жауапты адам етіп тәрбиелеп шығатындарыңызға сенімдіміз.

Қымбатты ұстаздар

мен білім саласының ардагерлері!

Сіздерді мерейлі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, мықты денсаулық, шығармашылық табыстар, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілейміз.

Құрметпен:

Қала әкімі
Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков

С ДНЕМ УЧИТЕЛЯ!

УВАЖАЕМЫЕ ПЕДАГОГИ!

От всей души поздравляем Вас с Днем учителя! В этот теплый осенний день вся страна традиционно отмечает праздник людей самой гуманной и искренней профессии — учителей. Нет ничего труднее, чем обучать: учить мы все способны и даже склонны, а вот научить дано далеко не каждому. Вы в совершенстве владеете этим секретом и щедро делитесь знаниями со всеми учениками. Профессия учителя одна из самых важных и сложных, ведь учитель не только дает знания. Огромных душевных сил стоит разглядеть в каждом своем ученике «золотое зёрнышко» и помочь ему прорасти. Мы вверяем вам самое драгоценное, что у нас есть: наших детей. На этом пути вы учите наших детей добру и справедливости, помогаете им преодолеть препятствия и трудности, оберегаете от ошибок, заботитесь о детях и просто их любите. Учителем может стать не каждый, ведь это профессия, которая требует полной отдачи. Это, наверно, даже не профессия, а длинный жизненный путь, который не каждый сумеет пройти.



Дорогие учителя и ветераны в области образования!

Поздравляя Вас с днем учителя желаем в первую очередь терпения и мудрости. Крепкого здоровья и больших творческих удач! Пусть ваши ученики будут талантливы и сообразительны!

С Уважением:

Аким города
Секретарь маслихата

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков

1- қазан – Қариялар күні

ҚАРТЫ БАР ҮЙДІҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР

«Үйіңнің жанында төбе болса, ерттеулі тұрған атпен тең, үйіңде қартың болса, жазып қойған хатпен тең» - деп халқымыз тегін айтпаған. Ардагерлеріміз біздің ақылшымыз ғана емес, олар-өткен күндердің шежіресі, тірі куәсі, тамаша тарихы. Қазыналы қарттарға қамқорлық жасау – Елбасымыз саясатының басты бағдарларының бірі. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 14 желтоқсан 1990 жылы 1 қазанды Халықаралық қарттар күні деп жариялады. Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері әр аймақтарда ардагерлер ұйымдары, кеңестері құрылып, ақылман қарияларымыз маңызды мінберлерде ой қаузап, игілікті істердің себепкері болып жүргені баршамызға аян. Қаламыздағы ардагерлер кеңесінің мүшелері де әрдайым белсенді.

1-қазан қариялар күні қарсаңында «Приозерск қалалық кітапханасы» КММ-нің ішінен құрылған «Сырласу» клубының мүшелері ар-

найы қонаққа шақырылып, көркемөнерпаздар ұжымы әзірлеген концерттік бағдарламаны тамашалады. Іс-шараны ұйымдастырудағы мақсат оқушыларды адамгершілікке, қайырымдылыққа, жақсы үлгі өнеге, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу қасиеттеріне, мейірімділікке, қарияларды құрметтеуге тәрбиелеу. Қазыналы қарияларымыз мерекеге сай жайылған дастархан басына жайғасып, ыстық шай ішіп, төтті тағамдардан дәм татты. Аяулы қарттарымыз балаларға өз тәлім, тағылымдарын айтып, өнеге етті. Өнерлі оқушыларымыз Урисбай Жансая, Таткен Толғанай, Нурланова Аяжан. Досымхан Сағыныш өлеңдерін оқып, әуезді әндерін шырақды. Кеш соңында оқырмандарға «Қарты бар үйдің қазынасы бар» атты презентация көрсетіліп, «Қайындай қайсар қарттарым» атты кітап көрмесі ұсынылды.

Көпті көрген көнекөз қариялар өз бастары-



нан өткендерін, өмірден көргендерін, ойларына түйгендерін жастарға айтып, адастырмас ақыл беріп, түзу бағыт сілтеп отырады. «Қариялар азайып бара жатыр»-деп М.Мақатаев жырлағандай қатары сиреп, келместің кемесінің жиілеп бара жатқан қарттарымызды қадірлеу, олардың өмір жолдарынан сабақ алу, ерлік істерін мұра ету-жастарымыздың абыройлы борышы. Ақсақалды аталарымыз бен ақ жау-

лықты әжелеріміздің көрген қиындықты, арқалаған азапты күндерін Алла бүгінгі жеткіншектердің басына бермесін дейік. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының халыққа жолдауындағы басым бағыттарды жүзеге асыруда ардагерлеріміздің қосар үлесі ұшан-теңіз.

П.С.Кенжебекова,
«Приозерск қалалық кітапханасы»
КММ-нің директоры



ӨЗЕКТІ СҮХБАТ: ӘДЕП НОРМАЛАРЫН САҚТАУ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ



«100 нақты кадам» Ұлт жоспарының кәсіби мемлекеттік аппаратын құру бойынша 12-ші қадамын іске асыру аясында Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) мен Әдеп жөніндегі уәкіл туралы Ереже бекітілді және 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

2017 жылғы қазан айынан бастап **Қарағанды облысы әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкіл** лауазымында **Асылбекова Сандугаш Сәбетқызы** қызмет етеді.

- Сандугаш Сәбетқызы, әдеп жөніндегі уәкіл лауазымының маңыздылығы туралы айтып берсеңіз.

- Бүгінгі күні мінез-құлық стандарты жана сапалық деңгейге көтеріліп, бізден, яғни, мемлекеттік қызметшілерден мінез-құлықта жоғары жауапкершілікті және өзін-өзі бақылауды талап етеді.

Мемлекет башысы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан-2050 Стратегиясында өте жоғары этика және кәсібилік – тиімді мемлекетті құрудың кілті болып табылатындығын атап өткен болатын.

Осыған байланысты, жаңа әдеп жөніндегі уәкіл институтын енгізу сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, мүдделер қайшылығына байланысты тәуекелдерді азайтуға және мемлекеттік қызметтегі әдеп нормаларын бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шара болып табылады.

Әдеп жөніндегі уәкілдің негізгі міндеті – мемлекеттік қызметшілердің қызмет әдебі нормаларын сақтауын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Әдеп кодексі салаларындағы заңнамалар бұзушылығының алдын алуды қамтамасыз ету болып табылады.

Әдеп жөніндегі уәкілдер тұрақты негізде мемлекеттік қызметшілермен қызмет әдебін, қолданыстағы заңнамалармен белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтау сұрақтары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Әдеп жөніндегі уәкілдің функциясына әдеп нормаларын сақтау бойынша мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультативтік көмек көрсету де енеді.

Сонымен қатар, әдеп жөніндегі уәкілдер жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастырады, ұжымда жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес мәдени қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал етеді. Мемлекеттік қызметшінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда оның құқығын қорғау және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды.

2017 жылдан бастап Қарағанды облысы әкімі аппаратына әдеп жөніндегі уәкіл лауазымы енгізілді. Қала мен аудандарда әдеп жөніндегі уәкіл функциясы ұжымда құрмет пен беделге ие мемлекеттік қызметші қатарындағы басшылардың біріне жүктеледі.

Облыс бойынша өз қызметін 21 әдеп жөніндегі уәкіл жүзеге асыруда.

- Этикалық бұзушылықтардың алдын алу үшін қандай шаралар қабылданған?

-Қойылған міндеттерді орындау мақсатында тұрақты түрде мемлекеттік қызметшілер арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Мәселен, бүгінгі күнге дейін қолданыстағы заңнаманы түсіндіру бойынша 60-тан астам түсіндіру іс-шаралары өткізілді.

Қарағанды, Шахтинск, Саран, Балқаш, Приозерск, Теміртау қалалары, Бұқар Жырау, Ақтоғай, Шет аудандары әкімдіктерінің қызметкерлеріне арналған кездесулер мен семинарлар ұйымдастырылды.

Жыл басынан бастап мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі нормаларын түсіндіру бойынша 20-дан астам семинарлар мен дәрістер өткізілді. Облыс аймақтарына, соның ішінде ауылдық елді мекендерге 11 рет шығып, шығу барысында мемлекеттік қызметшілермен кездесулер өткізілді, өтініш білдірген азаматтарға консультативтік көмек көрсетілді.

Жалпы жыл басынан 200-ге жуық мемлекеттік қызметші мен жеке тұлғаларға жеке консультативтік көмек көрсетілді. Ауылдық аймақтарға шығуымды есепке алғанда, 24 рет азаматтарды жеке қабылдауды өткіздім.

Бүгінгі таңда әдеп жөніндегі уәкілдің қарас-

тыруына жеке және азаматтық тұлғалардан мемлекеттік қызметшілердің әрекетіне шағымданған 35 өтініш түсті. Қарастыру нәтижесінде өтініш білдірген 4 азаматтық тұлғаның бұзылған құқықтары мен заңды мүдделері қалпына келтірілді.

Тұрақты негізде мемлекеттік қызметшілердің шектеулер мен тыйымдарды сақтауы, қызметтік автокөліктерді орынды және тиімді пайдалануы бойынша алдын алу шаралары өткізіледі.

Әдеп жөніндегі уәкіл қызметі бағыттарының бірі ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалға мониторинг жүргізу болып табылады.

Ұжымдағы жағымды моральдық-психологиялық ахуал, әріптестер арасында тілектестік қарым-қатынас әр мемлекеттік қызметшінің жұмысына жағымды ықпал етіп, нәтижесінде мемлекеттік орган қызметінің тиімділігі артатыны күпия емес.

Осы мақсатта ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында облыстық жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілері арасында анонимді сауалнама өткізілді. Сауалнама қорытындысы ұжымдардағы жалпы моральдық-психологиялық ахуал тұрақты екенін көрсетті. Мемлекеттік қызметшілер әріптестерінің сыпайылығы мен әдептілігі, тікелей басшыларының әділдігін, басшыларының ұжымда тек қана іскери қарым-қатынас құруға ұмтылатындығын атап көрсеткен, тікелей басшыларына сенім артатындарын білдірткен.

Жасырын сауалнама қорытындысы бойынша мемлекеттік орган басшыларына ұжымдардағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсарту бойынша ұсыныстар мен кеңестер дайындалып жіберілді.

Сіздің пікіріңізше, мемлекеттік қызметшілермен Әдеп кодексінің қандай нормалары жиі бұзылады?

Жиірек мемлекеттік қызметшілер мінез-құлықтың жалпы стандарттарын бұзушылық жағдайлары кездеседі.

Бұл – қызмет тәртібін сақтамау, өз қызметтік міндеттерін сапасыз орындау, қоғам тарапынан мемлекеттік қызметшінің әрекеті мен мінез-құлықтың сынға түсуі.

Ағымдағы жылы облыстың жергілікті атқарушы органдарында тәртіптік практиканың талдауы жүргізілді. Талдау нәтижесі мемлекеттік қызметшілер көбіне лауазымдық міндеттерін тиісті деңгейде орындамағаны, атап айтқанда, жеке және заңды тұлғалар өтініштерін уақтылы қарастырмағаны, мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік қызмет көрсету т.б. салаларда процедуралық бұзушылықтар үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылғанын көрсетті.

Осыған байланысты, жүйелі негізде қолданыстағы заңнаманы түсіндіру, оқыту, мемлекеттік қызметшілердің біліктіліктерін арттыру бойынша жүргізілетін іс-шаралардың сапасын көтеруге арналған шаралар қабылдануда.

- Егер азамат мемлекеттік қызметші тарапынан этикалық жатпайтын мінез-құлыққа тап болса, ол қайда бару керек?

Қызметтік әдеп нормалары бұзушылығының фактілері туындаған жағдайда азамат жазбаша немесе ауызша түрде Қарағанды облысының әдеп жөніндегі уәкіліне немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне өтініш білдіре алады.

Сонымен қатар, «Facebook» әлеуметтік желісінде «Қарағанды облысының әдеп жөніндегі уәкілі» парақшасы құрылған, оған да мемлекеттік қызметшінің қызметтік этикасын бұзу фактілері туралы жазуға болады. Қарағанды облысы әкімдігінің ресми сайтында облыстың қалалары мен аудандарындағы барлық әдеп жөніндегі уәкілдердің байланыс деректері жарияланған.

Сіздің жеке қабылдауыңызға қалай жазылуға болады?

Бекітілген кестеге сәйкес азаматтарды қабылдау әр сәрсенбі күні сағат 16.00-ден бастап 18.00-ге дейін, облыс әкімдігінің ғимаратында 519 кабинетте жүргізіледі.

Қажет болған жағдайда қабылдауды мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға ыңғайлы кез-келген күні жүргізуге болады, сонымен қатар телефон арқылы да байланысуға болады. **Байланыс деректері: ж.т.8 (7212) 501522 (iшкі 6733), эл.пошта: s.asylbekova@karaganda-region.gov.kz**

Қорытындылай келе, барлық мемлекеттік қызметшілер үлкен жауапкершілікті сезініп, Әдеп кодексімен бекітілген талаптардың бұзылуына жол бермеулері қажет екендігін атап айтқым келеді.

Приозерск қаласы әкімінің аппараты

АКТУАЛЬНОЕ ИНТЕРВЬЮ: «СОБЛЮДЕНИЕ НОРМ ЭТИКИ – ОСНОВНАЯ ОБЯЗАННОСТЬ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ»

В рамках реализации 12 шага Плана нации «100 конкретных шагов» по формированию профессионального государственного аппарата Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» утверждены и введены в действие с 1 января 2016 года Этический кодекс государственных служащих Республики Казахстан (Правила служебной этики государственных служащих) и Положение об уполномоченном по этике.

С октября 2017 года на должности **уполномоченного по этике аппарата акима Карагандинской области** работает **Асылбекова Сандугаш Сабетовна**.

- Сандугаш Сабетовна, расскажите об институте уполномоченного по этике.

- На сегодняшний день стандарты поведения поднимаются на новый качественный уровень, и требуют от нас, от государственных служащих повышенной ответственности и самоконтроля поведения.

Глава государства Н.А.Назарбаев в Стратегии Казахстан-2050 отметил, что высочайшая этика и профессионализм является ключевым критерием создания эффективного государства.

В этой связи введение нового института уполномоченного по этике направлено на предупреждение коррупции, минимизации рисков связанных с конфликтом интересов и является профилактической мерой этических правонарушений на государственной службе.

Основная задача уполномоченного по этике — это обеспечение соблюдения норм служебной этики государственным служащими и профилактика нарушений законодательства в сферах государственной службы, противодействия коррупции и Этического кодекса.

Уполномоченные по этике на постоянной основе проводят с государственным служащими разъяснительную работу по вопросам соблюдения норм служебной этики, установленных действующим законодательством ограниченный и запретов.

В функции уполномоченного по этике также входят вопросы оказания консультативной помощи государственным служащим, гражданам по вопросам соблюдения этических норм.

Кроме того, уполномоченные по этике рассматривают обращения физических и юридических лиц, соответствует формированию культуры взаимоотношений, соответствующей общепринятым морально-этическим нормам в коллективе. В случаях нарушения прав и законных интересов государственных служащих он будет принимать меры, направленные на их защиту и восстановление.

С 2017 года в аппарате акима Карагандинской области введена освобожденная должность уполномоченного по этике. В городах и районах области функции уполномоченного по этике возложены на государственных служащих из числа руководителей, снискавших признание и уважение в коллективе.

По области осуществляются свою деятельность 21 уполномоченный по этике.

- Какие меры принимаются по профилактике этических нарушений?

- В целях реализации поставленных задач, мною на постоянной основе проводится разъяснительная работа среди государственных служащих.

Так, на сегодняшний день проведены более 60 различных мероприятий по разъяснению действующего законодательства.

Организованы встречи, семинары для сотрудников акиматов гг.Караганды, Шахтинска, Сарани, Балхаша, Приозерска, Теміртау, Бұқар-жырауского, Ақтоғайского, Шетского районов.

С начала года проведены порядка 20 семинаров, лекции по разъяснению норм Этического кодекса государственных служащих. Осуществлены 11 выездов по регионам области, в том числе в сельские населенные пункты, в ходе которых проводились встречи с государственными служащими, оказывалась консультативная помощь обратившимся гражданам.

В целом, с начала года оказана индивидуальная консультативная помощь порядка 200 государственным служащим и физическим лицам. Проведено 24 личных приемов граждан, в том числе с выездом в сельские регионы.

На сегодняшний день на рассмотрение уполномоченного по этике поступили 35 обращений физических и юридических лиц с жалобой на действия государственных служащих. По итогам рассмотрения восстановлены нарушенные права и законные интересы 4-х обратившихся физических лиц.

На постоянной основе проводятся профилактические мероприятия по соблюдению государственных служащими ограничений и запретов, по рациональному и эффективному использованию служебных автомашин.

Одним из направлений деятельности уполномоченного по этике является ведение мониторинга состояния морально-психологического климата в коллективах.

Не секрет, что благоприятный морально-психологический климат в коллективе, доброжелательные отношения среди коллег положительно отражаются на работе каждого государственного служащего, что в итоге повышает эффективность деятельности государственного органа. Для этой цели мною в первом полугодии т.г. проведено анонимное анкетирование среди госслужащих в местных исполнительных органах области.

Итоги анкетирования показали, что в целом, морально-психологический климат в коллективах стабильный. Госслужащие отмечают вежливость и корректность коллег, объективность непосредственных руководителей, стремление руководителей к созданию в коллективе исключительно деловых отношений, выражают свое доверие к своим непосредственным руководителям.

По итогам анонимного анкетирования подготовлены и направлены руководителям госорганов предложения, рекомендации по улучшению морально-психологического климата в коллективах.

- На ваш взгляд, какие нормы Этического кодекса чаще всего нарушаются государственным служащими?

- Чаще всего встречаются случаи нарушения общих стандартов поведения государственных служащих.

Это – несоблюдение служебной дисциплины, некачественное исполнение своих служебных обязанностей, критика со стороны общества на действия и поведение государственных служащих.

В текущем году проводился анализ дисциплинарной практики в местных исполнительных органах области. Итоги анализа показали, что государственным служащим чаще всего привлекались к дисциплинарной ответственности за ненадлежащее исполнение должностных обязанностей, выразившегося в несвоевременном рассмотрении обращений физических и юридических лиц, процедурных нарушений в сфере государственных закупок, при оказании госуслуг и т.д.

В этой связи принимаются меры по повышению качества проводимых мероприятий по разъяснению действующего законодательства, по обучению, повышению квалификации госслужащих на системной основе.

- Если гражданин столкнулся с неэтичным поведением со стороны государственного служащего, куда ему следует обратиться?

- В случае возникновения фактов нарушения норм служебной этики, граждане могут обратиться в письменной или устной форме к уполномоченному по этике Карагандинской области или в департамент Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области.

Помимо этого, в социальной сети «Facebook» создана страница «Уполномоченного по этике аппарата акима Карагандинской области», где можно написать о фактах нарушения служебной этики госслужащих. На официальном сайте акимата Карагандинской области опубликованы контактные данные всех уполномоченных по этике городов и районов области.

- Как можно записаться к вам на личный прием?

- Согласно утвержденному графику личный прием граждан проводится ежедневно по средам, с 16.00 час по 18.00 час, в здании акимата области, каб.519.

При необходимости прием проводится в любой день, удобный для государственных служащих и граждан, а также беседа может проводиться по телефону.

Контактные телефоны: р.т. 8 (7212) 501522 (внутр.6733), э.л.адрес: s.asylbekova@karaganda-region.gov.kz

В завершение хочу отметить, что все государственные служащие должны чувствовать большую ответственность и не допускать нарушения требований, установленных Этическим кодексом.

Аппарат акима г.Приозерск

ЖЫЛ МҮҒАЛІМІ - 2018

Мұғалімдер күні аталып өтті

Осы аптаның сәрсенбесінде Приозерск қаласының балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының «Достық» орталығында ұстаздардың төл мерекесіне орай қаламыздың үздік ұстаздарына қала әкімінің сыйлығын тапсыру рәсімі болып өтті. Мерекеге сай безендірілген залға қаламыздағы мектептер мен мектепке дейінгі мекемелердің ұстаздары мен оқушылары, ардагер ұстаздар, ата-аналар мен қала тұрғындарылық толған.



Алғашқы болып сахнаға Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының «Достық» орталығының «Балбырауын» домбыра оркестрі шығып, өз ұстаздарына бірінші болып «Ерке сыйқым» күйін ұсынды. Одан кейін жүргізушілер:

Ардақты аяулы ұстаздар! Білім іздеп иемен құдық қазғандар! Құшақ жая қарсы аламыз сіздерді Би билеп, ән де бүгін шырқалар! – дей келе, - Бүгін барша адамзат қауымы үшін ең қымбатты күн. Өйткені алғаш білім әлеміне қадам басқанда бізді күлімдеп қарсы алып, жүрегінің мейір нұрын төгіп, зердемізге білім гүлін ескен ұстаздар күні. Өзінің бар уақытың аямай, шәкірттерінің бақытын аялай білген ұстаздар – мәңгілікке аласармайтын – Ұлы тұлға. Төл мерекелеріңіз құтты болсын! – деп құттықтап өтті. Сонымен қатар бүгінгі кешке шақырылған ардагер ұстаздарды атап өтті, олар Джалханова Тиниш, Абрамова Тамара Львовна, Бұлтбаева Жексенгүл, Корнеева Любовь Степановна, Бычкова Людмила Петровна, Литош Ольга Борисовна, Мукашева

Татьяна Абдрашевна, Малеванная Мария Андреевна, Трескина Светлана Михайловна, Эралиева Зулайхо Гузаровна, Таирова Шахсия Ансаровна және Бажарханова Узулай.

Келесі кезекте сөз алған қала әкімі Камзин Қайрат Амангелдіұлы ұстаздар мен ардагерлерді төл мерекелерімен құттықтап, еңбекте табыс, зор денсаулық тілеген лебізін білдірді, қала мектептерінің бірқатар мұғалімдеріне құрмет грамоталарын табыс етті.

Осыдан кейін биылғы жылы алғаш рет ұйымдастырылып отырған үздік педагогтарға арналған қала әкімінің сыйлығын тапсыру рәсімін өткізу жарияланды. Қала әкімінің сыйлығынан үміткерлер арасында мынандай номинациялар бойынша байқау өткізілген



болатын:

- 1.«Үздік бастауыш сынып мұғалімі»;
- 2.«Үздік пән педагогы»;
- 3.«Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің үздік педагог тәрбиешісі»;
- 4.«Үздік педагог-психолог»;
- 5.«Үздік әлеуметтік педагог»;
- 6.«Үздік сынып жетекші».

«Үздік бастауыш сынып мұғалімі» номинациясының жеңімпазын жариялау үшін Қалалық мәслихаттың хатшысы Сәрсембеков Бекзат Мұқсиыұлы ортаға шақырылды. Ол конвертті ашып, жеңімпаздар Наркулова Эльмира Жексенбаевна мен Таирова Шахсия Ансаровнаның аты-жөндерін оқып, оларға «Үздік бастауыш сынып мұғалімі» сыйлықтарын табыс етті.

«Үздік пән педагогы» номинациясының жеңімпазын жариялау үшін сахна төріне «Нұр



Отан» партиясының Приозерск қалалық филиалы төрағасының орынбасары, қалалық мәслихаттың депутаты Дүйсембаев Дулат Орынбасарұлы шақырылды. Ол өз кезегінде осы номинация бойынша Ахметчина Дидар Қазкенқызы мен Артықмуратова Феруза Алибековналарды жеңімпаз деп жариялап, тиісті сыйлықтарын табыс етті.

Осындай ретпен «Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің үздік педагог тәрбиешісі» номинациясы бойынша жеңімпаз болып Асылханова Сайрангуль Алтынбаевна, «Үздік педагог-психолог» номинациясы бойынша жеңімпаз болып Исакова Халида Кабулановна және Наушаранова Тұрсынкуль Арылхановна.

«Үздік әлеуметтік-педагог» номинациясы бойынша жеңімпаз болып Байғужина Динара Толпықовна, «Үздік сынып жетекшісі» номинациясының жеңімпазы болып Ерекеева Айгул Касқырбаевна және Медешев Мұхан Сабитовичтер табылды.

Сонымен қатар, ұстаздық еңбек жолын жанадан бастаған жас ұстаздар Павленко Павел Павлович, Сәбіт Ерік Сайлауұлы, Абуов

Нұрсұлтан Суинбекович, Еримова Наргиза Алмамбетовна және Шиналиева Гафура Маханбетовналар сахна төріне шақырылып, арнайы сыйлықтар табыс етілді.

Мәдени шара барысында қаламыздағы мектептер мен бала бақшалар ұжымдарының көркемөнерпаздары өздерінің бүгінгі мерекеге арнаған әндері мен билерін орындап, жинал-



ғандардың көңілінен шығып жатты.

Б. Алшынбекұлы,
Суреттерде: Мерекелік шарадан көріністер

«Бір терезе» қағидаты

«ЦИФРЛІ ҚАЗАҚСТАН»: ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ – ТИІМДІ ҚЫЗМЕТ

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің интеграциясы «Бір терезе» қағидаты бойынша жекелеген мемлекеттік қызмет көрсетуден кешенді қызмет көрсетуге көшуге мүмкіндік беретіні маңызды бағыттардың бірі болып айқындалған.

Біз жеңіл және ыңғайлы тәсілмен, қазіргі заманауи технологияларды белсенді қолдана отырып, қарым-қатынас жасайтын ақпараттық дәуірге әлде қашан жеттік. Қоғаммен бірге мемлекеттік билік органдары да өзгерді, себебі олардың міндеті-халықтың талаптарын қанағаттандыру, мемлекеттің халықпен қарым-қатынасы барлық деңгейде орындалуда: мемлекет – азаматтар, мемлекет – бизнес және мемлекет – мемлекет, ал қызмет көрсету мүмкіндігінше бір жерде, бір ыңғай электрондық порталда – электронды үкімет порталында беріледі.

Қазіргі таңда Қазақстанда электрондық үкіметтің нормативтік-құқықтық базасы, сәулеті мен инфрақұрылымы қалыптасқан. Электрондық үкіметте барлық қажетті деректік ақпараттармен, базалық компоненттермен, мемлекеттік және ведомствоаралық шлюздермен құрастырылған. Ақпараттық жүйелердің ықпалдасуы арқасында электрондық үкімет әрбір азаматқа қолжетімді.

«Электрондық үкімет» веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар

субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірінші терезесі болатын ақпараттық жүйе болып табылады.

«Электрондық үкімет» порталында қызмет алу басымдылықтарының қатарына уақыт үнемдеу, кезектің болмауы, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің азаяуы, мемлекеттік деректер базасына сұранымдар жасау есебінен қажетті құжаттар санының қысқаруы, әрі ең бастысы – барлық қызметтер онлайн, яғни кез келген уақытта қолжетімді екенін атап айтуға болады.

Электрондық үкімет арқылы жұмыс жасау халықтың мемлекеттік органдарға жүгінуін оңайлата отырып, мемлекеттік органдардың адамдармен ұйымдарға көрсететін мемлекеттік қызметтері сапасын жақсартып, құжаттар санын қысқартты. Мемлекеттік органдар қызметі бойынша дерек қорларына қатынасуды қамтамасыз ету және болашақта әкімшілік жүйе жетістіктерін есепке ала отырып, құрамы жағынан оңтайлы да тиімді мемлекеттік аппарат жасауға бағытталған. Электрондық Үкімет қарапайым халық үшін тиімді, әрі қолжетімді.

Портал көмегі арқылы мемлекеттік органдарға жүгінбей-ақ күнделікті мыңдаған мәселелерді шешуге болады: мекенжайлық анықтама, баланы бала-бақшаға кезекке қою, жеке тұлғаның жылжымайтын мүлкінің жоқ (бар) екендігі жайлы анықтама алу, зейнетақы аударымдары туралы жазба алу және т.б. Ерекше жағдайларға арналған қызметтер де бар: www.egov.kz арқылы некені тіркеуге өтініш беруге немесе бала тууды тіркеу

қызметін пайдалануға болады (2018 жылдың басынан бастап қызмет алушылардың анықтамаларды алу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясына баруын қажет етпейтіндей етіп, «электрондық үкімет» веб-порталында қызмет алушының СМС келісімі бойынша үшінші тұлғаның анықтамалар алу сервисі іске қосылды). Әрбір пайдаланушы өзіне қажетті қызметті таба алады: жүргізушілер жол қозғалыс ережелерін бұзғаны үшін айыппұл төлей алады, ата-аналар балаларын білім беру мекемелеріне бере алады, ал кәсіпкерлер өз бизнесін тіркеу немесе салық төлей алады, сонымен қатар қандай да бір қызметті қалай алуға болатынын біле алады. Ең бастысы электрондық қолтаңбаның болғаны.

Электрондық үкімет азаматтарға мемлекетпен қарым-қатынас жасауды және мемлекеттік қызметтерге қатынаудың орналасқан орны, жыл мезгіліне тәуелсіз, тәулігіне

24 сағат, аптасына 7 күн бойы қамтамасыз етіп отырады. Мемлекеттік мекемелер көрсететін барлық қызметтердің тізімі мен сипаттамасы, нормативтік-құқықтық ақпарат, азаматтардың билікпен, түрлі әлеуметтік қызметтермен, комитеттермен және ведомстволармен ашық, әрі кез-келген уақытта бәріне де, әркімге де қолжетімді.

Сондықтан әрбіріміз бүгінгі күннің оңтайлы жетістіктерін іс-жүзінде пайдаланып, қолдануда белсенділік танытайық!

Гүлсана Саятқызы Медеуова,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызметтер басқармасының бас маманы



ОБ УТВЕРЖДЕНИИ И РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ ИПОТЕЧНОГО КРЕДИТОВАНИЯ «7-20-25». НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ПРИОБРЕТЕНИЯ ЖИЛЬЯ ДЛЯ КАЖДОЙ СЕМЬИ»

В целях реализации задач первой инициативы «Новые возможности приобретения жилья для каждой семьи», озвученной в Обращении Президента Республики Казахстан к народу «Пять социальных инициатив Президента» Правлением Национального Банка Республики Казахстан 31 мая 2018 года № 107 утверждена Программа ипотечного жилищного кредитования «7-20-25».

В Программе может участвовать любой гражданин Республики Казахстан, имеющий доход от трудовой или предпринимательской деятельности, а также не имеющий жилья на праве собственности.

Программа предусматривает возможность получения ипотечного жилищного займа для приобретения жилья на первичном рынке в любом регионе Республики Казахстан в пределах следующей стоимости:

25 млн. тенге - для городов Астана, Алматы и их пригородных зон в пределах границ, определенных законодательством Республики Казахстан, а также городов Актау, Атырау, Шымкент;

15 млн. тенге - для других регионов.

Оператором Программы является АО «Ипотечная организация «Баспана».

Основные условия Программы:

Целевое назначение - приобретение первичного жилья;

Первоначальный взнос - 20% от стоимости заложенного обеспечения, которым является приобретаемая жилая недвижимость;

Максимальная сумма займа - 80% от стоимости заложенного обеспечения, валюта займа - тенге, годовая номинальная ставка вознаграждения - 7%, срок ипотечного жилищного займа - до 25 лет.

Согласно условиям Программы банки не вправе взимать с заемщиков комиссии за предоставление и обслуживание займа.

Для получения займа по Программе физическое лицо должно соответствовать следующим требованиям:

1) наличие дохода от трудовой и (или) предпринимательской деятельности, подтвержденного одним из следующих документов по усмотрению банка:

-выпиской единого накопительного пенсионного фонда с индивидуального пенсионного счета за последние шесть месяцев;

-справкой о доходах с места работы за последние шесть месяцев;

-налоговой декларацией по индивидуальному подоходному налогу заемщика-физического лица за последний налоговый период;

-иными документами, отражающими наличие возможности исполнения обязательств заемщика по договору ипотечного жилищного займа в соответствии с внутренними документами банка;

2) отсутствие непогашенной задолженности по ипотечным жилищным займам по Программе и иным ипотечным жилищным займам, подтвержденное кредитным отчетом

кредитного бюро;

3) отсутствие на территории Республики Казахстан жилья на праве собственности, подтвержденное сведениями правового кадастра за исключением:

-наличия комнат в общежитиях полезной площадью менее 15 квадратных метров на каждого члена семьи;

-жилища, которое признано аварийным в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.»;

Требования к заемщикам не распространяются на созаемщиков, для которых банк устанавливает требования самостоятельно. Банк вправе установить дополнительные требования к заемщикам, а также к предмету и стоимости залога, не противоречащие Программе. Заемщик несет ответственность за достоверность предоставляемых банку документов и информации.

На текущий момент заявки от физических лиц на участие в Программе принимают 7 банков второго уровня: АО «Банк Центр Кредит», АО «АТФ Банк», АО «Цеснабанк», АО «Bank RBK», АО «Евразийский Банк», «АО «Народный Банк Казахстана» и АО «Forte Bank».

В рамках реализации Программы, по состоянию на 1 октября 2018 года филиалами указанных банков Карагандинской области принято **65 заявок** на получение займа на сумму **748,2 млн. тенге**. Из них одобрено **45 заявок** на предоставление займа на сумму



514,9 млн.тенге. Фактически выдано **36 займов** на сумму **401,3 млн. тенге**.

В случае возникновения вопросов по Программе граждане могут обращаться в Карагандинский филиал РГУ «Национальный Банк Республики Казахстан» по телефонам: +7(7212)55-93-35, 55-93-30, а также в ипотечную организацию «Баспана» по круглосуточному номеру +7(727)227-20-25 или по телефону +7(727)258-49-91.

С дополнительной информацией можно ознакомиться на официальном интернет-ресурсе ипотечной организации «Баспана» по ссылке: www.baspana72025.kz.

Анна Ридель,
начальник отдела контроля
финансовых организаций и защиты прав
потребителей финансовых услуг
Карагандинского филиала РГУ
«Национальный Банк Республики
Казахстан»

Рухани жаңғыру

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУ БОЙЫНША КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «Жастар жастарға» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен 2018 жылғы 29 қыркүйек күні Приозерск қаласының №1 ЖОББМ, №2 ЖОББМ-нің мұғалімдері мен оқушылары арасында және Приозерск горнизонына қарасты әскери бөлімінің қызметкерлерінің қатысуымен Қарағанды облысынан келген ақпараттық



ныздылығы туралы терең мағлұмат берді. Аталған ішараның негізгі мақсаты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясындағы қазақ тілі әліпбиінің латын графикасына кезең-кезеңмен көшу мәселесін ұжым арасында кеңінен насихаттау болатын.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ

насихаттау тобының мүшелерімен қазақ әліпбиінің латын графикасына көшіру бойынша кездесу өтті. Кездесуде Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ономастика бөлімінің басшысы Сүлейменов Айбек Мұратұлы және Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті қазақ тілі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Қалиев Бектұрсын Аманқұлұлы жалпы латын әліпбиіне көшудің ма-



МЕЙІРІМ ШУАҒЫ СӨНБЕСІН!

Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан даму мүмкіндігі шектеулі жандарға айрықша назар аударылып, қамқорлық көрсетіліп отыр. Бұл қамқорлықтың бәрі Елбасының халыққа жолдауында, «Кемтар балаларды әлеуметтік-медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңында басты назарда болып, айтылуда.

Психологиялық тексеру-кемтар балалардың психикалық жағдайының ерекшеліктері мен психикалық дамуындағы әлеуметтік мүмкіндіктерінің тиімді жүйесі, оларды оқыту, тәрбиелеу, еңбекке баулу және кәсіби даярлығын шешуде бала мүгедектігінің алдын-алуға бағытталған көптеген көкейтесті мәселелері жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді.

Әр бала өзінше – ерекше тұлға. Әр баламен жеке жасалған жұмыс, баланы қоғамдық ортаға бейімдеп, баланың бойындағы икем дағдыларын анықтауға көмектеседі. Жалпы мүмкіндігі шектеулі балалардан дарынды суретшілер, шеберлер шығатындығы және колөнер жұмыстарымен тоқу, макраме, бисермен жұмыс жасап, неше түрлі зергерлік бұйымдарды жасап жатқандары қаншама. Осындай жұмыс түрлерін жүргізу барысында оқушы өзіне дос табады, еңбектенуге талпынады, қызығушылығы оянады, іскерлік қабілеті артады. Сол арқылы баланың өмірге құл-шынысын, тұлғалық танымын арттыруға болады.

Міне, дәл осындай бағытта Приозерск қаласында алғаш рет қайырымдылық

акциясы аясында, «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі және жеке кәсіпкер Ш.Ж.Жүсіпованың «Дана» интеллектуалды дамыту орталығы бірлесіп, мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға бейімдейтін, кимыл-қозғалысын, ментальды арифметикасын, логикасын, маторикасын дамытатын тренингтермен диагностикалық сабақтар жүргізу бастады.

Жалпы, Приозерск қаласында кәмеелеттік жасқа толмаған 38 мүмкіндігі шектеулі бала ресми тіркелген. Мамандармен бірге балалардың мүмкіндігіне және психология-



сына қарай әр балаға жеке диагностикалық талдау жасалады.

Кез-келген бала, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі бала да қоғам мен адамның көмегіне, қамқорлық пен махаббатқа қықығы бар. Сондықтанда сіз бен біз қолдан келгенше қолдау көрсетуіміз, адами парызымыз деп білеміз.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.
Справки по тел.: +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 40/580. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.